*«Қазақстан биоалуантүрлілікті сақтау ассоциациясы»*
*Республикалық қоғамдық бірлестігінің жалпы жиналысымен қабылданған*
*2013 жылғы 20 шілде*

*Принят общим собранием Республиканского общественного объединения*
*«Казахстанская ассоциация сохранения биоразнообразия»*
*20 июля 2013 года*

| | |
|---|---|
| **«Қазақстан биоалуантүрлілікті сақтау ассоциациясы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің**<br><br>**ЖАРҒЫСЫ** | **УСТАВ**<br><br>**Республиканского общественного объединения «Казахстанская ассоциация сохранения биоразнообразия»** |
| **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР** | **1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ** |
| 1.1.Әрі қарай «Қоғамдық бірлестік» деп аталатын «Қазақстан биоалуантүрлілікті сақтау ассоциациясы» осы Жарғымен қарастырылған мақсат пен міндеттерді бірлесіп жүзеге асыру үшін құрылған азаматтардың коммерциялық емес ерікті бірлестігі болып табылады. | 1.1.Республиканское общественное объединение «Казахстанская ассоциация сохранения биоразнообразия», именуемое в дальнейшем «Общественное объединение», является добровольным некоммерческим объединением граждан, созданным для совместной реализации целей и задач, предусмотренных настоящим Уставом. |
| 1.2.Қоғамдық бірлестіктің толық атауы:<br>қазақ тілінде – «Қазақстан биоалуантүрлілікті сақтау ассоциациясы» Республикалық қоғамдық бірлестігі (ҚБСА);<br>орыс тілінде – Республиканское общественное объединение «Казахстанская ассоциация сохранения биоразнообразия» (АСБК);<br>ағылшын тілінде – «Association for the Conservation of Biodiversity of Kazakhstan» (ACBK) | 1.2.Полное наименование Общественного объединения:<br>на казахском языке – «Қазақстан биоалуантүрлілікті сақтау ассоциациясы» Республикалық қоғамдық бірлестігі (ҚБСА);<br>на русском языке – Республиканское общественное объединение «Казахстанская ассоциация сохранения биоразнообразия» (АСБК);<br>на английском языке – «Association for the Conservation of Biodiversity of Kazakhstan» (ACBK). |
| 1.3.Қоғамдық бірлестік өзінің қызметінде барлық мүшелердің еріктілігі мен тең құқылығы, өзін-өзі басқару, заңдылық және жариялылық принциптерін басшылыққа алады. | 1.3.Общественное объединение в своей деятельности руководствуется принципами добровольности, равноправия всех его членов, самоуправления, законности и гласности. |
| 1.4.Қоғамдық бірлестік Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы аясында және осы Жарғыға сәйкес әрекет етеді. | 1.4.Общественное объединение действует в рамках Конституции Республики Казахстан, действующего законодательства Республики Казахстан и в соответствии с настоящим Уставом. |
| 1.5.Қоғамдық бірлестік мемлекеттік тіркеуге алынған сәттен бастап заңды тұлға болып табылады, оның жеке меншік құқығы бойынша дараланған мүлкі, дербес балансы бар, дөңгелек мөрі, мөртаңбалары мен орыс, қазақ және ағылшын тілдеріндегі атауы жазылған бланкілері, теңгеде және шетел валютасында есеп айырысу және өзге де шоттары бар. | 1.5.Общественное объединение является юридическим лицом с момента его государственной регистрации, обладает обособленным имуществом на праве собственности, имеет самостоятельный баланс, круглую печать, штампы и бланки со своим наименованием на русском, казахском и английском языках, расчетный и иные счета в тенге и иностранной валюте. |
| 1.6.Қоғамдық бірлестіктің жеке логотипі бар (1-Қосымша). Қоғамдық бірлестіктің рәміздері | 1.6.Общественное объединение имеет |

| | |
|---|---|
| Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркеуге және есепке алынуға тиіс. | собственный логотип (Приложение 1). Символика Общественного объединения подлежит государственной регистрации и учету в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан. |
| 1.7.Қоғамдық бірлестіктің өзінің филиалдары мен өкілдіктерін аша алады. | 1.7.Общественное объединение может открывать свои филиалы и представительства. |
| 1.8.Қоғамдық бірлестіктің қазақстандық және халықаралық қоғамдық бірлестіктерге кіре алады, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы бірлестіктердің жарғысына сәйкес құқықтарға ие болып, міндеттемелер арта алады, тікелей халықаралық байланыстар мен қарым-қатынастар жасап тұра алады, қазақстандық және шетелдік ұйымдармен және мекемелермен, сонымен қатар коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктермен келісімдер жасай алады. | 1.8.Общественное объединение может вступать в казахстанские и международные общественные объединения, приобретать права и нести обязанности в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан и уставами этих объединений, поддерживать прямые международные контакты и связи, заключать соглашения с казахстанскими и иностранными организациями и учреждениями, в том числе с некоммерческими неправительственными объединениями. |
| 1.9.Қоғамдық бірлестік өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырады. Қоғамдық бірлестіктің тұрақты әрекет етуші басқару органының орналасқан жері - Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, 010000, Алматы ауданы, Бейбітшілік к-сі, 18-үй, 406-кеңсе. | 1.9.Общественное объединение осуществляет свою деятельность на территории Республики Казахстан. Местонахождение постоянно действующего органа управления Общественного объединения – Республика Казахстан, г. Астана, 010000, район «Алматы», ул. Бейбитшилик, д. 18, оф. 406. |
| **2. ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТІҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МӘНІ** | **2. ПРЕДМЕТ И ЦЕЛИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОБЩЕСТВЕННОГО ОБЪЕДИНЕНИЯ** |
| 2.1. Қоғамдық бірлестіктің қызметінің мәні Қазақстанның биологиялық алуан түрлілігін сақтап қалуға бағытталған қызмет болып табылады. | 2.1. Предметом деятельности Общественного объединения является деятельность, направленная на сохранение биологического разнообразия Казахстана. |
| 2.2. Қоғамдық бірлестіктің қызметінің мақсаты: | 2.2. Целями деятельности Общественного объединения являются: |
| 2.2.1 Қазақстанның биологиялық алуан түрлілігін сақтау және барлық мүдделі тараптарды тарту арқылы оның пайдаланылу тұрақтылығын қамтамасыз ету;<br>2.2.2.Қазақстан азаматтарының табиғатты қорғаудағы ой өрісін қалыптастыру, оларды биологиялық алуан түрлілікті сақтау саласындағы белсенді қызметке тарту, Қазақстанның болашақ табиғатына деген жауапкершілік сезімін тәрбиелеу, Қазақстан азаматтарының экологиялық ағарту ісіне жан-жақты қолдау көрсету;<br>2.2.3.Қазақстанның биологиялық алуан түрлілігін сақтау және тұрақты пайдалану үшін ғылыми білімдер мен әдістерді жақсарту;<br>2.2.4 Қазақстанда биологиялық алуан түрлілікті сақтауды тұрақты қаржыландыру жүйесін дамытуға көмек көрсету. | 2.2.1. Сохранение биологического разнообразия Казахстана и обеспечение устойчивости его использования с вовлечением всех заинтересованных сторон;<br>2.2.2.Формирование у граждан Казахстана природоохранного мировоззрения, вовлечение их в активную деятельность в области сохранения биологического разнообразия, воспитание чувства ответственности за будущее природы Казахстана, всемерное содействие экологическому просвещению граждан Казахстана;<br>2.2.3.Улучшение научных знаний и методов для сохранения и устойчивого использования биологического разнообразия Казахстана;<br>2.2.4.Содействие развитию устойчивой системы финансирования сохранения биологического разнообразия в Казахстане. |
| 2.3 Қоғамдық бірлестік алдына қойған мақсаттарын жүзеге асыру үшін төмендегі жағдайларды орындауға құқылы:<br>2.3.1.Биологиялық алуан түрлілікті зерттеу және сақтау жөніндегі ұлттық және халықаралық | 2.3. Для осуществления поставленных целей Общественное объединение имеет право: |

| | |
|---|---|
| нысаналы бағдарламалар мен жобаларды әзірлеуде және іске асыруда бастамашы болу және қатысу; | 2.3.1.Инициировать и принимать участие в разработке и реализации национальных и международных целевых программ и проектов по изучению и сохранению биологического разнообразия; |
| 2.3.2.Қазақстанның биологиялық алуан түрлілігінің, жекелеген түрлердің экожүйелері мен биологиясының қазіргі жай-күйіне ғылыми зерттеулер жүргізу, биологиялық алуан түрлілікті сақтау және тиімді пайдалану жөнінде ұсыныстар әзірлеу; | 2.3.2.Проводить научные исследования современного состояния биологического разнообразия Казахстана, экосистем и биологии отдельных видов, разрабатывать рекомендации по сохранению и рациональному использованию биологического разнообразия; |
| 2.3.3.Қазақстанның биологиялық алуан түрлілігін сақтау жөніндегі қызметті, оның ішінде оларға қайырымдылық көмек көрсету арқылы жүзеге асыратын мемлекеттік және өзге де мекемелер мен ұйымдарға, сондай-ақ жеке тұлғаларға көмек көрсету; | 2.3.3.Содействовать государственным и иным учреждениям и организациям, а также частным лицам, осуществляющим деятельность по сохранению биологического разнообразия Казахстана, в том числе путем оказания им благотворительной помощи; |
| 2.3.4.Қазақстанның биологиялық алуан түрлілігін зерттеу және сақтау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту, халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктерге кіру; | 2.3.4.Развивать международное сотрудничество в области изучения и сохранения биологического разнообразия Казахстана, вступать в международные некоммерческие неправительственные объединения; |
| 2.3.5.Қоғамдық бірлестік жұмысына қатысуға Қазақстанның биологиялық алуан түрлілігін сақтауға мүдделі заңды және жеке тұлғалардың кең тобын, оның ішінде экологиялық қорларды, табиғатты қорғау жөніндегі аймақтық органдарды және басқа да ұйымдарды, мекемелерді, қоғамдық бірлестіктерді және өзге де құрылымдарды, әкімшілік органдардың мүдделі қызметкерлерін, мамандарды, қоғам қайраткерлері мен басқа да азаматтарды, ең алдымен Қоғамдық бірлестіктің мүшелерінің арасынан тарту; | 2.3.5 Привлекать к участию в работе Общественного объединения широкий круг юридических и физических лиц, заинтересованных в сохранении биологического разнообразия Казахстана, в том числе экологические фонды, территориальные органы по охране природы и другие организации, учреждения, общественные объединения и иные структуры, заинтересованных работников административных органов, специалистов, общественных деятелей и других граждан, в первую очередь из числа членов Общественного объединения; |
| 2.3.6.Әртүрлі санаттағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру туралы дәлелді ұсыныстарды алға тарту және оларды жобалауға қатысу; | 2.3.6. Выступать с обоснованными предложениями о создании и участвовать в проектировании особо охраняемых природных территорий различных категорий; |
| 2.3.7.Бұқаралық мәдени-ағартушылық қызметті, оның ішінде байқаулар, пікірталастар, викториналар, көрмелер ұйымдастыру; Қазақстанның биологиялық алуан түрлілігін зерттеу және сақтау жөніндегі түрлі мәселелер бойынша конференциялар, семинарлар, дәрістер, білім беру турларын, кеңестер өткізу; | 2.3.7.Организовывать массовую культурно-просветительскую деятельность, в т. ч. конкурсы, диспуты, викторины, выставки; проводить конференции, семинары, лекции, образовательные туры, консультации по различным вопросам изучения и сохранения биологического разнообразия Казахстана; |
| 2.3.8.Бұқаралық ақпарат құралдары үшін Қазақстанның биологиялық алуан түрлілігін сақтау туралы баспасөз хабарламаларын, бейнефильмдер және басқа да материалдар дайындау; | 2.3.8.Готовить пресс-релизы, видеофильмы и другие материалы о сохранении биологического разнообразия Казахстана для средств массовой информации; |
| 2.3.9.Бұқаралық ақпарат құралдарын құру, заңнамаға сәйкес баспа қызметін жүзеге асыру және баспа өнімдерін өткізу, өз қызметі туралы ақпарат тарату, ақпараттық бюллетендер, журналдар, ғылыми жинақтар, монографиялар, сондай-ақ Қазақстанның биологиялық алуан түрлілігін зерттеу және сақтау саласындағы өзге де полиграфиялық өнімдерді жариялау; | 2.3.9.Учреждать средства массовой информации, осуществлять издательскую деятельность и реализовывать печатную продукцию в соответствии с законодательством, распространять информацию о своей деятельности, публиковать информационные бюллетени, журналы, научные сборники, монографии, труды конференций и совещаний, определители, буклеты, плакаты, а также иную полиграфическую продукцию в области изучения и сохранения биологического |

| | |
|---|---|
| | разнообразия Казахстана; |
| 2.3.10.Қазақстанның тірі табиғатына ықтимал әсерін бағалау мақсатында аумақтарды шаруашылық және өзге де пайдалану жобаларына, нормативтік құқықтық құжаттар жобаларына тәуелсіз экологиялық сараптама жүргізу; | 2.3.10.Проводить независимую экологическую экспертизу проектов хозяйственного или иного использования территории, проектов нормативных правовых документов по оценке их потенциального влияния на живую природу Казахстана; |
| 2.3.11.Қазақстанның биологиялық алуан түрлілігін зерттеумен және сақтаумен байланысты конференциялар, семинарлар, іскерлік кездесулер, іссапарлар ұйымдастыру жөніндегі қызметтер көрсету; | 2.3.11.Оказывать услуги по организации конференций, семинаров, рабочих встреч, поездок, связанных с изучением и сохранением биологического разнообразия Казахстана и их пропагандой; |
| 2.3.13.Қазақстанның биологиялық алуан түрлілігін зерттеумен, сақтаумен және пайдаланумен байланысты жаратылыстану-ғылыми, биологиялық, техникалық-экономикалық негіздемелер, ұсыныстар әзірлеу және сараптамалар жүргізу жөніндегі қызметтер көрсету; | 2.3.13.Оказывать услуги по разработке естественно - научных, биологических, технико-экономических обоснований, рекомендаций и проведению экспертиз, связанных с изучением, сохранением и использованием биологического разнообразия; |
| 2.3.14.Ғылыми-танымдық және табиғат қорғаушылық турларын ұйымдастыру; | 2.3.14.Организовывать научно-познавательные и природоохранные туры; |
| 2.3.15. Қазақстанның биологиялық алуан түрлілігін сақтау және тұрақты пайдалану бойынша практикалық қызметті жүзеге асыру, қолданыстағы заңнамаға сәйкес жануарлар әлемін қорғаудың мемлекеттік емес қызметін құру; | 2.3.15.Осуществлять практическую деятельность по сохранению и устойчивому использованию биологического разнообразия Казахстана, создавать негосударственную службу охраны животного мира в соответствии с действующим законодательством; |
| 2.3.16. Қазақстандық және шетелдік жоғары және арнаулы орта оқу орындарының студенттері үшін ғылыми-өндірістік практикалар өткізу; | 2.3.16.Проводить научно-производственные и учебные практики для студентов казахстанских и зарубежных высших и средних специальных учебных заведений; |
| 2.3.17.Қолданыстағы заңнамаға сәйкес филиалдар, өкілдіктер, секциялар, комиссиялар, жұмыс топтарын және басқа да бөлімшелер құру; | 2.3.17.Создавать в соответствии с действующим законодательством филиалы, представительства, секции, комиссии, рабочие группы и другие подразделения; |
| 2.3.18.Мақсатты қорлар, еңбек ұжымдарын, ақпараттық орталықтар және Қазақстанның биологиялық алуан түрлілігін зерттеумен және сақтаумен байланысты басқа да ұйымдастырушылық құрылымдар құру; | 2.3.18.Создавать целевые фонды, трудовые коллективы, информационные центры и другие организационные структуры, связанные с изучением и сохранением биологического разнообразия Казахстана; |
| 2.3.19.Қоғамдық бірлестіктің өкілдерін Қазақстанның шегінде және шетелге іссапарларға жіберу, сондай-ақ шетелден мамандар шақыру. | 2.3.19.Командировать представителей Общественного объединения в пределах Казахстана и за рубеж, а также приглашать специалистов из-за рубежа. |
| 2.3.20Жиналыстар, митингілер, демострациялар, шерулер мен пикеттер өткізу; | 2.3.20.Проводить собрания, митинги, демонстрации, шествия и пикетирование; |
| 2.3.21.Соттарда және басқа мемлекеттік органдарда, өзге де қоғамдық бірлестікетерде ҚБСА қызметімен байланысты мәселелер бойынша өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау; | 2.3.21.Представлять и защищать права и законные интересы своих членов в судах и других государственных органах, иных общественных объединениях по вопросам, связанным с деятельностью АСБК; |
| 2.3.22.Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де өкілеттіктерді, оның ішінде бұл Қоғамдық бірлестіктің жарғылық мақсаттарына қол жеткізуді білдіретіндіктен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру. | 2.3.22. Осуществлять иные полномочия, не противоречащие законодательству Республики Казахстан, в том числе предпринимательскую деятельность постольку, поскольку это служит достижению уставных целей Общественного объединения. |
| **3 ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТІҢ МЕНШІГІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІ** | **3. СОБСТВЕННОСТЬ И ФИНАНСОВАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ОБЩЕСТВЕННОГО ОБЪЕДИНЕНИЯ** |

| | |
|---|---|
| 3.1. Қоғамдық бірлестік негізгі және айналымдағы қаражаттарды дербес құрады, өзінің атынан мәмілелерге отырады, өзінің міндеттемелері бойынша мүліктік жауапкершілік көтереді. | 3.1. Общественное объединение самостоятельно формирует основные и оборотные средства, вступает в сделки от своего имени, несет имущественную ответственность по своим обязательствам. |
| 3.2. Қоғамдық бірлестіктің иелігінде жер учаскелері, ғимараттар, құрылымдар, ғимараттар, тұрғын үй қоры, көлік құралдары, жабдықтар, құрал-саймандар, мәдени-ағартушылық және сауықтыру мақсатындағы мүлік, ақшалар, бағалы қағаздары, сонымен қатар осы Жарғымен белгіленген Қоғамдық бірлестіктің қызметін материалдық қамтамасыз етуге қажетті өзге де мүлік түрлері болуы мүмкін. | 3.2. Общественное объединение может иметь в собственности земельные участки, здания, строения, сооружения, жилищный фонд, транспортные средства, оборудование, инвентарь, имущество культурно-просветительного и оздоровительного назначения, деньги, ценные бумаги, а также иные виды имущества, необходимого для материального обеспечения деятельности Общественного объединения, определенной настоящим Уставом. |
| 3.3. Қоғамдық бірлестіктің қаражаттарын құру көздері болып мыналар табылады:<br>3.3.1.Мақсатты жарналар, сонымен қатар Қоғамдық бірлестіктің мүшелерінің мүшелік жарналары;<br>3.3.2.Ерікті ақшалай және мүліктік қайырымдылықтар, гранттар;<br>3.3.3.Кәсіпкерлік, баспа, сыртқы экономикалық қызметтен және азаматтық-құқықтық мәмілелерден түсетін табыстар;<br>3.3.4.Қоғамдық бірлестікпен өткізілетін семинарлардан, лекциялардан, көрмелерден, кеңестерден және өзге де шаралардан түсетін түсімдер;<br>3.3.5.Құнды қағаздар мен салымдар (депозиттер) бойынша алынатын дивидендтер (табыстар, сыйақы (мүдде);<br>3.3.6.Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған өзге де түсімдер. | 3.3. Источниками образования средств Общественного объединения являются:<br>3.3.1.Целевые взносы, в т. ч. членские взносы членов Общественного объединения;<br>3.3.2.Добровольные денежные и имущественные пожертвования, гранты;<br>3.3.3.Доходы от предпринимательской, издательской, внешнеэкономической деятельности и гражданско-правовых сделок;<br>3.3.4.Поступления от проводимых Общественным объединением семинаров, лекций, выставок, консультаций и иных мероприятий;<br>3.3.5.Дивиденды (доходы, вознаграждение (интерес), получаемые по ценным бумагам и вкладам (депозитам)).<br>3.3.6.Иные поступления, не запрещенные законодательством Республики Казахстан |
| 3.4 Қоғамдық бірлестіктің мүшелерінің жарналары ақшалай сипатта болуы мүмкін. Мүшелік жарналардың мөлшері Қоғамдық бірлестіктің Кеңесімен белгіленеді. | 3.4. Взносы членов Общественного объединения могут иметь денежный характер. Размер членских взносов определяется Советом Общественного объединения. |
| 3.5. Қоғамдық бірлестікке оның мүшелерімен, сонымен қатар Қоғамдық бірлестіктің қызметіне қаржылық демеу көрсететін өзге де заңды және жеке тұлғалармен берілген мүлік Қоғамдық бірлестіктің меншігі болып табылады. | 3.5. Имущество, переданное Общественному объединению его членами, а также иными юридическими и физическими лицами, оказывающими финансовую поддержку деятельности Общественного объединения, является собственностью Общественного объединения. |
| 3.6. Қоғамдық бірлестік қолданыстағы заңнамаға сәйкес қайырымдылық қызмет өткізуге қатысады. | 3.6. Общественное объединение в соответствии с действующим законодательством участвует в проведении благотворительной деятельности. |
| 3.7. Қоғамдық бірлестікпен алынатын барлық қаражаттар Жарғыға сәйкес оның мақсаты мен міндеттерін орындау үшін пайдаланылады. | 3.7. Все средства, получаемые Общественным объединением, используются на выполнение его целей и задач в соответствии с Уставом. |
| 3.8. Қоғамдық бірлестік өзіне тиесілі мүлкімен жауап береді, ол мүлікке қолданыстағы заңнамаға сәйкес өндіріп алу белгіленуі мүмкін. Қоғамдық бірлестік өзінің мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сондай-ақ Қоғамдық бірлестіктің мүшелері де Қоғамдық бірлестіктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. | 3.8. Общественное объединение несет ответственность принадлежащим ему имуществом, на которое в соответствии с действующим законодательством может быть обращено взыскание. Общественное объединение не несет ответственности по обязательствам своих членов, равно как и члены не несут ответственности по обязательствам |

| | |
|---|---|
| 3.9. Қоғамдық бірлестік өзінің даму жолын дербес белгілейді, өзінің кәсіпкерлік, сыртқы экономикалық, қаржылық және өзге қызметін жоспарлайды.<br><br>3.10. Қоғамдық бірлестіктің табыстары жарғылық мақсаттарға бағытталады және оның мүшелерінің арасында қайта бөлініске түспейді.<br>3.11. Қоғамдық бірлестік мен оның құрылымдық бөлімшелерінің мүлікті басқару жөніндегі құқықтары қолданыстағы заңнамамен және Қоғамдық бірлестіктің құжаттарымен белгіленеді.<br>3.12. Қоғамдық бірлестіктің мүлкіне иелік етумен байланысты Қоғамдық бірлестік пен мүдделі тұлғалар арасындағы мәмілелер мүдделер қақтығысының туындауын болжамдайды. Мүдделі тұлғалар Қоғамдық бірлестіктің Атқарушы Директоры, Қоғамдық бірлестіктің Кеңесі мен Тексеру комиссиясының мүшелері, ҚБСА және басқару органдарының құрамына Ассоциясының аталған өкілдері не олардың туыстары кіретін ұйымдардың мүлкіне иелік ету өкілеттіктері бар ҚБСА қызметкерлері болып табылады. | Общественного объединения.<br>3.9. Общественное объединение самостоятельно определяет пути своего развития, планирует свою предпринимательскую, внешнеэкономическую, финансовую и иную деятельность.<br>3.10. Доходы Общественного объединения направляются на уставные цели и не подлежат перераспределению между его членами.<br>3.11. Права Общественного объединения и его структурных подразделений по управлению имуществом определяются действующим Уставом.<br>3.12. Для организации деятельности филиалов Общественное объединение наделяет филиалы необходимым имуществом. Все имущество филиалов закрепляется на балансе Общественного объединения. Управление имуществом филиалов осуществляется Исполнительным Директором Общественного объединения. |
| 3.13. Қоғамдық бірлестік пен мүдделі тұлғалар арасындағы Қоғамдық бірлестік мүлкіне иелік етумен байланысты мәмілелер мүдделер қақтығысының болуын жобалайды. Мүдделі тұлғалар Атқарушы Директор, Кеңес пен Ревизиялық комиссия мүшелері, мүлікке иелік ету өкілеттіліктері бар қызметкерлер мен басқару органдары немесе құрылтайшылар құрамына Қоғамдық бірлестіктің аталмыш өкілдері немесе олардың туыстары кіретін ұйымдар болып табылады. | 3.13. Сделки между Общественным объединением и заинтересованными лицами, связанные с распоряжением имуществом Общественного объединения, предполагают наличие конфликта интересов. Заинтересованными лицами являются Исполнительный Директор, члены Совета и Ревизионной комиссии, сотрудники, имеющие полномочия распоряжаться имуществом и организации, в состав органов управления или учредителей которых входят указанные представители Общественного объединения либо их родственники. |
| 3.14. Мүдделер қақтығысы болуы мүмкін мәміле Қоғамдық бірлестік Кеңесі тарапынан бекітілуі тиіс. Қоғамдық бірлестіктің Атқарушы директоры Кеңесті мұндай мәміленің болжалды жасалуы туралы ақпараттандыруы тиіс. | 3.14. Сделка, в которой предполагается конфликт интересов, должна быть утверждена Советом Общественного объединения. Исполнительный Директор Общественного объединения должен проинформировать Совет о предполагаемом заключении такой сделки. |
| 3.15. Егер мәміле Қоғамдық бірлестіктің Кеңесімен бекітілмесе, мүдделер қақтығысы болған жағдайда жасалған мұндай мәміле нәтижесінде Қоғамдық бірлестікке келтірілген шығындарды өтеу бойынша жауапкершілікті мүдделі тұлға арқалайды. Егер шығындар бірнеше мүдделі тұлғалардың іс-қимылдары нәтижесінде пайда болса, олар Қоғамдық бірлестік алдында ортақ жауапкершілік танытуы тиіс. | 3.15. Заинтересованное лицо несет ответственность по возмещению убытков, причиненных Общественному объединению в результате такой сделки, заключенной при наличии конфликта интересов, если сделка не была утверждена Советом Общественного объединения. Если убытки возникли в результате действий нескольких заинтересованных лиц, они должны нести солидарную ответственность перед Общественным объединением. |
| 3.16. Шығындарды өтеумен қатар, мүдделі тұлға сондай-ақ Қоғамдық бірлестікке ондай мәмілені жасасу нәтижесінде алған бүкіл табысын қайтаруы тиіс. | 3.16. Дополнительно к возмещению убытков такое заинтересованное лицо должно также вернуть Общественному объединению весь доход, полученный этим лицом в результате заключения такой сделки. |

| | |
|---|---|
| **4. ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТІҢ МҮШЕЛЕРІ, ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ** | **4. ЧЛЕНЫ ОБЩЕСТВЕННОГО ОБЪЕДИНЕНИЯ, ИХ ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ** |
| 4.1. Қоғамдық бірлестіктің мүшелері ретінде Қоғамдық бірлестіктің Жарғысын мойындайтын және оның қызметіне қатысатын Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және азаматтағы жоқ тұлғалар бола алады. | 4.1. Членами Общественного объединения, в соответствии с действующим законодательством, могут быть граждане Республики Казахстан, иностранные граждане и лица без гражданства, признающие Устав Общественного объединения и другие регулирующие Положения. |
| 4.2. Қоғамдық бірлестік мүшелігіне қабылдау мүшелік жарнаны төлеуден кейін Қоғамдық бірлестікке енуге тілек білдірушінің жазбаша өтініші бойынша жүзеге асырылады. Қоғамдық бірлестік мүшелігіне қабылдау тіркеу сипатына ие, алайда өтініш берушінің алдыңғы қызметі/айтылған ұстанымы Қоғамдық бірлестік Жарғысына сәйкес келмеген жағдайларда, Кеңес шешімімен өтініш кері қайтарылуы мүмкін. | 4.2. Прием в члены Общественного объединения осуществляется по письменному заявлению желающего вступить в Общественное объединение после уплаты членского взноса. Прием в члены Общественного объединения носит регистрационный характер, но заявление может быть отклонено решением Совета в случаях, если предыдущая деятельность/ высказанная позиция заявителя не соответствуют Уставу Общественного объединения. |
| 4.3. Қоғамдық бірлестіктің мүшелерінің құқықтары: | 4.3. Члены Общественного объединения имеют право: |
| 4.3.1.Қоғамдық бірлестіктің Жалпы жиналыстарына шешуші дауыс беру құқығымен қатысу. 16 жасқа толған Қоғамдық бірлестіктің мүшелері белсенді сайлау құқығына ие (Жалпы жиналысты өткізуге дейін 90 күн мүшелікте болу мерзімімен); Қоғамдық бірлестіктің басқару органдарына 18 жасқа толған Қоғамдық бірлестіктің мүшелері сайлана алады. | 4.3.1. Принимать участие в Общих собраниях Общественного объединения. Право решающего голоса имеют члены Общественного объединения, достигшие 16 лет, со стажем членства в не менее чем 90 дней на момент проведения Общего собрания. В органы управления Общественного объединения могут быть избраны члены Общественного объединения, достигшие 18 лет. |
| 4.3.2.Қоғамдық бірлестікпен жүзеге асырылатын барлық шаралар мен қызмет түрлеріне қатысу; | 4.3.2. Принимать участие во всех мероприятиях и видах деятельности, осуществляемых Общественным объединением; |
| 4.3.3.Қоғамдық бірлестіктің Атқарушы Директорының жазбаша тапсырмасы бойынша мемлекеттік және қоғамдық органдарда Қоғамдық бірлестікті таныту; | 4.3.3. По письменному поручению Председателя Совета или Исполнительного директора Общественного объединения представлять Общественное объединение в государственных, частных и общественных организациях; |
| 4.3.4.Қоғамдық бірлестік Кеңесінің келісуімен секцияларға, комиссияларға, жұмыс топтарына, клубтарға және бейін немесе қызметтің басым бағыттары бойынша басқа да топтарға бірігуге; | 4.3.4. Объединяться в секции, комиссии, рабочие группы, клубы и другие группы по профилю или приоритетным направлениям деятельности, по согласованию с Советом Общественного объединения; |
| 4.3.5.Қоғамдық бірлестіктің жұмысы туралы толық мәліметтер алу; | 4.3.5. Получать полную информацию о работе Общественного объединения; |
| 4.3.6.Қоғамдық бірлестіктің кез келген органдарына оның қызметіне қатысты сұрақтар бойынша ұсыныстар енгізу; | 4.3.6. Вносить предложения в любые органы Общественного объединения по вопросам, связанным с его деятельностью; |
| 4.3.7.Қоғамдық бірлестік қызметімен байланысты өз құқықтарының қорғалуына ықпалдастық танытуды өтініп, Қоғамдық бірлестіктің басқару органдарына жүгінуге. | 4.3.7. Обращаться в органы управления Общественной организации за содействием в защите своих прав, связанных с деятельностью Общественного объединения. |
| 4.3.8.Қоғамдық бірлестіктің мүшелерінің құрамынан өзінің қалауы бойынша ерікті шығу. | 4.3.8. Свободно выйти из членов Общественного объединения по своему желанию. |
| 4.4. Қоғамдық бірлестіктің мүшелерінің міндеттері: | 4.4. Члены Общественного объединения обязаны: |
| 4.4.1.Қоғамдық бірлестіктің Жарғысын сақтау және басқару органдарының шешімдерін орындау; | 4.4.1. Соблюдать Устав и выполнять решения органов управления Общественного объединения; |

| | |
|---|---|
| 4.4.2.Қоғамдық бірлестіктің жарғылық мақсаттарын жүзеге асыруға белсенді қолдау көрсету және қатысу; | 4.4.2. Активно способствовать и участвовать в осуществлении уставных задач Общественного объединения; |
| 4.4.3.Жыл сайынғы мүшелік жарналарды Қоғамдық бірлестіктің Жалпы жиналысының және Кеңесінің шешімдерімен қарастырылған тәртіпте және мөлшерде уақытылы және толық көлемде енгізу; | 4.4.3. Своевременно и в полном объеме вносить ежегодно членские взносы в размере и в порядке, предусмотренными решениями Совета Общественного объединения. |
| 4.4.4.Қоғамдық бірлестіктің қызметі туралы құпия ақпаратты және коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді жарияламау (коммерциялық құпия ретінде Қоғамдық бірлестікке залал тигізуі мүмкін кез келген ақпарат саналады), сонымен қатар Қоғамдық бірлестікке нұқсан тигізуі мүмкін кез келген қызметті атқарудан бас тарту | 4.4.4. Не разглашать конфиденциальную информацию о деятельности Общественного объединения и сведения, составляющие коммерческую тайну (коммерческой тайной считается любая информация, разглашение которой может нанести ущерб Общественному объединению), а также воздерживаться от всякой иной деятельности, которая может нанести ущерб Общественному объединению. |
| 4.5.Мүшені Қоғамдық бірлестіктің құрамынан шығару келесі түрде жүзеге асады: | 4.5. Исключение члена из Общественного объединения осуществляется: |
| 4.5.1.Ерікті шығу кезінде мүшенің жазбаша өтініші бойынша;<br>4.5.2.Осы Жарғы талаптарын сақтамаған жағдайда Қоғамдық бірлестіктің Кеңесінің негізделген шешімі бойынша;<br>4.5.3.Қоғамдық бірлестіктің мүшесі үстіміздегі жылдың 31 желтоқсанына дейін мүшелік жарнаны төлемеген жағдайда, автоматты түрде. | 4.5.1. По письменному заявлению члена при добровольном выходе.<br>4.5.2. По мотивированному решению Совета Общественного объединения за несоблюдение настоящего Устава и других регулирующих положений Общественного объединения;<br>4.5.3. Автоматически при неуплате членом Общественного объединения членского взноса за календарный год до 31 декабря текущего года. |
| 4.6.Белгіленген мүшелік жарна сомасын мерзімінде төлемеген Қоғамдық бірлестіктің мүшелері Қоғамдық бірлестіктің Жалпы жиналысында дауыс беру құқығынан және Қоғамдық бірлестіктің мүшелерінің басқа да құқықтарынан айырылады. Жарналарды төлеу бойынша қарыздарды өтеген соң, Қоғамдық бірлестіктің мүшелерінің Қоғамдық бірлестіктің жиналыстарына қатысу өкілеттіктері қайтарылады. | 4.6. Члены Общественного объединения, не уплатившие в срок установленной суммы членских взносов, лишаются права голоса на Общем собрании Общественного объединения и других прав членов Общественного объединения. После погашения задолженности по оплате взносов, правомочия членов Общественного объединения участвовать в собраниях Общественного объединения и другие правомочия восстанавливаются. |
| **5. ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТІҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ, ОЛАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛУ ТӘРТІБІ** | **5. ОРГАНЫ УПРАВЛЕНИЯ ОБЩЕСТВЕННОГО ОБЪЕДИНЕНИЯ, ИХ КОМПЕТЕНЦИЯ И ПОРЯДОК ОБРАЗОВАНИЯ** |
| 5.1. Қоғамдық бірлестік құрылымы: | 5.1. Структура Общественного объединения: |
| 5.1.1. Жоғары басқару органы – Қоғамдық бірлестіктің Жалпы жиналысы; | 5.1.1. Высший орган управления - Общее собрание Общественного объединения; |
| 5.1.2. Атқарушы басқару органы – Қоғамдық бірлестіктің Кеңесі; | 5.1.2. Исполнительный орган управления - Совет Общественного объединения; |
| 5.1.3. Бақылаушы орган – Қоғамдық бірлестіктің Ревизиялық комиссиясы. | 5.1.3. Контрольный орган - Ревизионная комиссия Общественного объединения. |
| 5.2. Қоғамдық бірлестіктің жоғары басқару органы екі күнтізбелік жылда кем дегенде бір рет шақырылатын Қоғамдық бірлестіктің Жалпы жиналысы болып табылады. Жалпы жиналыс кезекті және кезектен тыс болып, мүшелердің жалпы жиналысы немесе Қазақстанның облыстары мен республикалық маңызы бар қалаларынан | 5.2. Высшим органом управления Общественного объединения является Общее собрание Общественного объединения, созываемое не реже одного раза в два календарных года. Общее собрание может быть очередным и внеочередным и проводиться в форме общего собрания членов |

| | |
|---|---|
